

ӘӨЖ 821. 512. 122.09.01

Геогр. ғылымд. докторы Қ.Т. Сапаров *

**ЛАНДШАФТ ӨЗГЕРІСТЕРІН АНЫҚТАУДАҒЫ ӨСІМДІК
АТАУЛАРЫНЫҢ РӨЛІ (ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
НЕГІЗІНДЕ)***ФИТОНИМ, ЗООНИМ, ПОТАМОНИМ, ОРОНИМ,
ЛАНДШАФТТЫҚ ИНДИКАЦИЯ, ИНДИКАТОР-ТЕРМИН,
ТАБИҒАТ ЗОНАСЫ, ТІК БЕЛДЕМДІЛІК, РЕЛИКТ, ҚОРЫҚ*

Мақалада Шығыс Қазақстан облысы деректері негізінде ландшафттар тұрпаттарының қазақ жер-су атауларында (топонимдер) көрініс табуы және сол топонимдердің «ландшафты индикатор» рөлін атқаратыны көрсетілген. Сонымен қатар өсімдік атаулары нысандарының топонимдермен өзара байланысы жөнінде сөз болады.

Шығыс Қазақстан облысының жер бедері пішіндері әркелкі, жазық боп келетін ландшафттары біртіндеп батыстан шығысқа қарай төбелі, шоқылы, тау алды биік таулы болып алмасады. Ертіс өзені бойындағы жазықтар солтүстікке қарай ығыса Құлынды далаларымен жалғасып жатыр. Жазықты және таулы болып келетін ландшафттар өзіндік жаратылысымен ерекше көзге түседі. Аумақтың үлкен бөлігін дала зонасы алып жатыр. ШҚО дала зонасының 3 /типi/ тұрпаты әртүрлі – шымды, астық тұқымдасы, кәдімгі, құрғақ (оңтүстік) болып ажыратылады. Дала зонасының басты экологиялық сипаттамасы температура тиімділігінің қосындысы (орташа тәуліктік температура 10 °С жоғары) болып табылады.

Аумақтың табиғат кешендерінің әркелкі болып келуі, оның географиялық орны, 3 климаттық және физикалық географиялық облыстардың шекарасында орналасуына байланысты болады [1]. Дала зонасы қоңыржай ылғалды және қоңыржай жылы климатымен (тиімді температура қосындысының жылдық жиынтығы 1800...2000 °С), ылғалдану дәрежесіне сәйкес келеді. Дала зонасына кенді және оңтүстік Алтайдың солтүстік, батыс және оңтүстік бөліктері және Қалба жотасы сұғына еніп жатыр. Тауалды өзен аңғарлары қара топырақты астық тұқымдас, бозды-селеулі далалармен ерекшеленеді. Ылғал мол түсетін

* Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова

жерлерде өсімдік жамылғысы мол келеді. Қоңыржай шалғынды далалар біртіндеп бұталы және боз-бетегелі үшқат, итмұрын, тобылғы, құртқашаш өскен далаларға ауысады. Өзен, бұлақ бойы терек, тал, шабындық шалғынды өсімдіктер өссе, тау беткейлері аралығындағы тар шатқалдар мойыл, итмұрын, долана, бөрі жидек, т.б. жемісті өсімдіктерге мол. Алтай ландшафттарының биіктік белдеулері солтүстік-батысында дала зонасынан басталса, Зайсан ойысына қараған жағында шөлейт зонасы басталады. Олардың шекарасы Бұқтырма өзені арқылы өтеді. Далалық тау беткейлерінен жоғары орманды таулар (2100...2300 м), шалғынды альпілік белдеуі (2500...2600 м) және биік шыңдары мәңгі қар жататын белдеуге (2600 м жоғары) өтеді.

Батыс Алтайда өсімдік жамылғысындағы ылғал сүйгіш мезофитті түрлері осы зоналар мен белдеулерге сәйкес келеді. Орман ландшафты бал қарағайлы және ұсақ жапырақты кей жерлерінде самырсынды-жапырақты болып келеді [8]. Орманды дала зонасы «Оңтүстік Алтайда аралас және жапырақты» – ормандармен ерекшеленсе, ал оңтүстік беткейлері және тау аралық қазаншұңқырларда далалық өсімдіктер басымырақ келеді.

Орман белдеуі облыс аумағының 40 %-ын алып жатыр. Орман массивтерінің жоғары шекарасы жылу мен ылғалдың әсерінен қалыптасады. Негізгі қылқанды өсімдіктер: шырша, самырсын, қарағай, майқарағай, балқарағай, т.б. жер бедері, климат және топырақ жағдайларына байланысты орман белдеуі келбетін қалыптастырса, Ертіс өзенінің оң жағалауы (Орта Ертіс бойы) құмда өскен таспалы қарағай реликт орманымен ерекшеленеді.

Зайсан қазаншұңқыры, Ертіс өзені, Оңтүстік Алтай өзендерінің аңғарларында Орта Азиялық дала өсімдіктері ерекшеленіп көрініс тапқан деуге болады. Сауыр-Тарбағатай тауларының аймағы табиғи ерекшеліктеріне сәйкес, Тарбағатай таулы-далалы ауданы, Сауырдың таулы орманды-шалғынды даласы болып бөлінеді. Тарбағатай даласының өсімдіктері бұталы қарағайлы болып келеді, таудың солтүстік беткейінде альпі шалғынына ұласады. Оңтүстік беткейінде де бұталы өсімдіктер көп. Сайларда жеміс-жидек ағаштары, көк терек, ақ теректің шағын ормандары кездеседі. Далалық бөлігінде жусанды өсімдіктер көп, олар жайылым есебінде пайдаланылады. Дала зонасы шөптесін өсімдіктерге бай. Мұнда боз бетеге, атқонақ, еркекшөп, кермек басым өседі. Шалғынды өсімдіктерден бидайық, арпабас, қоңырбас аса ылғалды жерлерде қияқ пен құрақ өседі. Далалық өсімдіктер арасында дәрі-дәрмектік өсімдіктерде бар.

Мысалы, жанаргүл, шайшөп, итмұрын, дәрілік валериан, жалбыз, мия т.б. Әсіресе Алтайда мұндай шөптер көптеп кездеседі [6]. Дала және шөлейт зоналарының аралығында жусандар көлемді жерлерді алып жатады. Шөлейт зонасы негізінен бетеге, жусан, түймедақ және боздан құралады. Шыңғыстау және Аягөз, Тарбағатай жоталарының аңғарлары арасында әртүрлі шалғын шөптер көп өседі. Тоғай ағаштарымен қатар бұталы өсімдіктер долана, мойыл, итмұрын, қарақат, таңқурай т.б. кездеседі. Сауыр тауының етегі 600...700 м-ге дейін шөлейт зонаға жатады, оның сортаңданған кара қоңыр топырағында шөлейт өсімдіктері өседі. Ормандары Сібір ағаштары мен Тянь-Шань шыршасынан тұрады. Тарбағатайдың шығысы мен Сауырдың оңтүстік бөлігі аралығын Шілікті шөлейт даласы алып жатыр. Тасты сортаңдалған сұр топырақтар көде, жусан, бетеге, селеу т.б. өсімдіктерге бай келеді. Зайсан қазаншұңқырының өсімдік жамылғысына тоқталсақ ксерофитті (жусанды-дәнді, жусанды тұз шөп далалы және шөлді) әрі горизонтальды ылғал сүйгіш голофитті және псаммофитті өсімдіктерге тән келеді. Қазіргі Қазақстанның өсімдік жамылғысы 6000-дай өсімдік түрлерінен тұрады [9, 16]. Біздің зерттеулерімізде өсімдік атауларының жүктемесі географиялық номенклатурада 1194 фитотопонимдерде, 120-ға жуық өсімдік атауларында бейнеленеді. Барлық топонимдердің (20 мың) 6,4 %-ын құрайтыны анықталған [5]. Павлодар облысымен салыстырғанда (417 фитотопоним, 40-тан астам фитоним) [14], фитотопонимдердің 3 есе көп екенін аңғартты (Сурет).



Сур. Шығыс Қазақстан облысының фитотопонимдерінің салыстырмалы сипаттамасы

Шығыс Қазақстан облысында Қазақстанның қызыл кітабына енген сирек кездесетін бағалы, жойылып бара жатқан 52 өсімдік түрін, оның ішінде 26 реликті және 16 эндемик өсімдіктерді атауға болады [12]. Батыс Алтай қорығында (Лениногор, Зырян аудандарын қамтиды) өсімдіктер

түрінің және дәрілік өсімдіктердің көптігімен ерекшеленеді. Мәселен, мұнда орманның 25 түрпаты, қылқан жапырақты ағаштардың көп түрі шоғырланған. Әсіресе, бағалы самырсын, майқарағайдың орны ерекше. Батыс Алтай қорығында табиғат белдемдері сан алуан. Олар шалғынды дала, бұталы, самырсынды, шыршалы тайга, субальпі, альпі және биік таулы тундрадан тұрады. Әрбір табиғат белдемдерінің өзіне тән өсімдіктер дүниесі бар. Орман іші шипалы жеміс-жидек беретін ағаштарға, дәрілік өсімдіктерге бай. Әсіресе субальпі белдемдерінде дәрілік өсімдіктерден марал оты, алтын тамыр және алтай сарғалдақтарын, бәйшешектердің тұнып тұрған популяцияларын кездестіруге болады. Альпі белдемдерінің де өсімдік жамылғысы сан алуан. Мұнда шөптесін көпжылдық өсімдіктер басымдық. Топтасып өскен аласа қайың, алтай тиындағы, алтын тамыр, марал оты т.б. өсімдіктер кездеседі. Биік таулы тундра 2000...2200 м биіктікте жатыр. Бұл белдемде жатаған бұталы өсімдіктер қияқ, альпі мүгі, қырықбуын, мойыл т.б. өседі [3].

Сонымен Батыс Алтай қорығында өсімдіктің 145 түрі, Марқакөл қорығында 200-астам түрі ерекше қорғауға алынған деуге болады. Биіктеген сайын ағаш түрлерінің орналасу заңдылықтарын байқауға болады. Қарағай 700...800 м, қайың 1500 м, көктерек одан биігірек самырсын мен майқарағайдың шекарасына жақынырақ орналасады. Таулардың оңтүстік беткейлерінде ормандардың аз, мүлдем өсімдік жамылғысынан айырылғанын аңғаруға болады. Сыртқы орта орман шекараларының өзгерісіне әсерін тигізеді. Оңтүстік Алтай тауларында 1600 м-ден жоғары майқарағай мен шырша ормандары шегініп, балқарағай ормандары орнығады. Оңтүстік Алтайда негізгі орман қорын Сібір самырсыны құрайды және 2000 м биіктікке дейін көтеріледі. Аталған ағаш түрлері қара ормандар (тайга) келбетін (жарықты аз түсіреді) қалыптастырады. Алтай тауының 70 %-ын орманды, тоғайлы, бұталы, жемісті және шалғынды өсімдіктерге бай болғандықтан, өсімдік атауы қатысуымен жасалған атаулар жергілікті географиялық нысандарда айрықша көрініс тапқан деуге болады. Қазақтың ономастикалық кеңістігінде аң, үй жануарларының әлемі қалай толыққанды өз көрінісін, өз келбетін бере алса, өсімдік әлемі де дәл солай өз бейнесін Қазақстан топонимиясында тайға таңба басқандай қалдырды [15]. Қазақ тілінде өсімдік атауларын зерттеген ғалым Б. Қалиев өсімдіктер жөнінде былай жазды: «... өсімдіктерсіз өмір жоқ, олар біздің досымыз; тіршілігімізге тірек, өмірімізге нәр, күнделікті тұрмысымызда көрік. Өсімдіктер қисең-

киім, ішсең-тамақ, жатсаң-төсек, жазсаң-қағаз». Дәстүрлі мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ халқы жер бетіндегі өсімдіктер дүниесін тым ертеден бақылап, зер салып, көңіл қойған. Олардың қайсысы қай малға жұғымды екендігін, қай шөп олар үшін пайдалы, қай шөп зиянды (улы) екендігін ажырата білген және өсімдіктердің түр түсін саралап, әрқайсына жеке-жеке ат қойып, айдар таққан [9]. Қазақстанның түрлі ландшафтық-климаттық аймақтарында төрт түлік малын өсірген қазақ асқар таулар мен кең жазықтарда, адырлы үстірттер мен далалы шөлейттерде, шағыл құмдар мен айдын көлдердің алқаптарында, өзендер жағалауында, орманды өлкелерде өсетін малға керек әрбір өсімдіктің қасиетін жақсы білген, сол себепті өсімдік атаулары қазақ тілінде орасан көп, сол себепті де шөп, өсімдік аттарын топтастыруда геоэкологиялық негіз бар деуге болады.

Табиғи ерекшеліктерімен сипатталатын түрлі өңірлер мен аймақтардың топонимиясы әр өлкенің флорасына сай тілдік (онимиялық) өз көрінісін береді. Мәселен, Е.Ә. Керімбаевтың байқауынша Қазақстанның таулы аймақтарында негізінен тауларда өсетін өсімдіктер атауларынан туындаған оронимдер кездеседі. *Аришалы, Аришаты, Ырғайлы, Қайыңды, Тобылғылы, Алмалы, Алмасай, Қарағаш, Пістелі, Доланалы, Өрікті* т.б. жусанның түрлі атаулары, жабайы пияздың түрлері-сарымсақ, жуа, қалба, соғұн т.б. таулы жайлауларда өседі [11]. Өр Алтайдың оронимдерін зерттеген Б. Бияровтың еңбектерінде 15-ке жуық фитонимнен туындаған 100-ге жуық фитотопонимдерге сипаттама берілген. Атап айтсақ, *арша, ағаш, қарағай, тоғай, шілік, қайың, терек, тал, үйеңкі, мойыл, долана, ырғай, қараган, тобылғы* т.б. өсімдіктер негізінде жасалған. *Шыңғыстай* ойконим атауын Ж. Болатов, Ә. Әбдрахманов шәңіс//шәңгіш монғолша цангис деп аталатын бунақталған бамбук тәрізді өсімдік атауы негізінде қалыптасқан деп топшылайды. Шәңгіштай орыс тілі транскрипциясы бойынша Шыңғыстай болып жуан дауыстыларға ауысқан [4]. Өсімдік атаулары аймақтағы топонимдер құрамында жиі кездесіп, сол жердің флорасының өзіндік ерекшелігін сипаттап отырады.

А.Ә. Әлімханның мәлімдеуінше: «Шығыс Қазақстанның оңтүстік өңірінде орманды дала табиғи зонасында өсетін және орманды дала зонасына тән өсімдіктер бірлестігі өлкенің атаулар дүниесіне өз көрінісін берген. Аймақта өсетін *қайың, қарағай, тал, терек, қамыс, арша, ұшқат, ши, бетеге, мойыл, сексеуіл, алма, тораңғы, сарымсақ, долана, итмұрын,*

қарақат, шілік, жиде, қарағаш, өлең т.б. өсімдік атаулары фитонимдер құрамынан табылады [2]. Г. Қоңқашбаевтың пікірінше *Тораңғылы* фитонимі орыс тіліне дұрыс транскрипцияланбай *Тарангүл* болып кеткен де, қазақ тілінде қайтадан, жаңа сападағы сөз Тарангүл түрінде қалыптасқан [7]. Осы аумақта *Ақтораңғы* көл, *Тораңғылы* жайлау, елді мекен атаулары бар.

Біздің зерттеулерімізде *борғұстай, тораңғы, тұғыл, ұласты* фитонимдерінің моңғол (қалмақ) тілінен еңгені анықталды. *Борғұстай* – Тарбағатай тауындағы өзен және жота атаулары. Моңғол тіліндегі бургас (тал немесе шілік, қалың тал) сөздеріне молдық ұғымды – тай жұрнағының қосылуы арқылы жасалған [2]. *Тұғыл* (тарб.) – аумақта кездесетін елді мекен атауы. Атау моңғол тілінің төгөл (тораңғы) сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырауынан туындаған. Ертеректе ауыл маңында тораңғы өсімдігі көп өскен. Облыс аумағында тораңғы фитонимі негізінде қалыптасқан оронимдер мен гидроним атаулары (7 рет) жиі кездеседі. *Ұласты* – елді мекен атауы. *Шет Ұласты, Орта Ұласты* (Тарб.) және Жайсаң ауданында *Ұласты, Үлкен Ұласты* өзен атаулары бар. Аталмыш нысандар аумақтың географиялық орнын, яғни орналасқан жерін нақты сипаттайды. Ғалымдар атау төркінін «моңғол тіліндегі» улиас (терек) сөзіне –ты аффиксі қосылу арқылы пайда болған деп түсіндіреді. Атау жергілікті тұрғындар тілінде *Ұласты* түрінде емес, *Ыласты // Ласты* тұлғасында айтылады [2].

Қарағай көбінесе тау алды, аласа шоқылы тауларда өседі. Ертістің оң жағалауы Семей өңірінің құмды топырағында (Бесқарағай, Бородулиха ауд.) *Таспалы қарағай орманы* (реликт) ерекше көрініске ие болған. Соңғы 10 жыл ішінде (2000...2010 жж.) аралығында Семей өңірі мен Павлодар облысындағы болған өрттер салдарынан Ертіс жағасындағы қарағайлы ормандардың (реликт) 320 мыңға жуық гектары құрып кетті. Ғарыштың және жер беті зерттеулерінің нәтижелеріне жүгінсек, бұл ормандардың 50 пайызы өрттен, орман зиянкестері мен аурулары және заңсыз ағаш кесу салдарынан зиян шеккен.

«Семей орманы» МТОР маңындағы ландшафт ерекшеліктерін айғақтайтын *Қарағайдарық* қоныс, *Қарағайлы* е.м., қон., *Бесқарағай* ауыл – аудан орталығы және славян тілінен *енген Лесное, Сосновка* (2 рет) елді мекен атаулары бар [13]. *Қарағайлы* тау (Абай), өзен (Үржар), *Жалпаққарағай* қон., және Алтайда жиі кездесетін қарағай фитонимі негізінде қалыптасқан орофитонимдер *Белқарағай, Қызылқарағай,*

Жалқарағай, Жалғызқарағай, Қарағайты асу, жота *Катонқарағай* (аудан орталығы) т.б. қарағай орманының ареалының кеңдігін анықтайды.

Листвяга (2 рет), *Листвяжная, Еловка* (5 рет), *Кедровое* (8 рет), *Пихтовая* (13 рет), *Черновая* (қара орманды) тау, е.м., атаулары биіктік белдеулерге тән қылқанды ормандар келбетін қалыптастырады. Катонқарағай атауы А. Әбдірахманов зерттеуінде Қатонқарағай, Е. Қойшыбаев сөздігінде – Қотанқарағай деп берілген. Кейбір ғалымдар «қотан» сөзін «қайын»-ның ертедегі атауы деп қарап, «қайыңқарағай» мағынасында қарастырады; екіншісі, қазіргі тіліміздегі «қотан» сөзімен теңестіріп «қоршау қарағай» деп топшылайды. Көне түркі тілінде қотан - «дөңгелек» – «топ» – «шеңбер» мағынасында қолданылған. Этимологиясы даулы болып жүрген Катонқарағай ойконимі осы «*Қотанқарағайды*» орыс тіліне қате транскрипцияланған. Кейбір зерттеушілердің «*Қатынқарағай*» деуіне ешқандай ғылыми негіз жоқ деуге болады. Орыс саяхатшыларының жазбаларында, 1936 жылғы әкімшілік картада «*Қотан-қарағай*» деп анық жазылған. Сонда «*Қотанқарағай*» атауы қазіргі түсінігіміз бойынша «*топқарағай*», дөңгелене өскен қарағай мағынасына саяды [4]. Баянауланың гранитті тастарында, Құлынды даласы құмды массивтерінде қарағай таспалы орманы (реликт) ерекше көзге түседі. *Қарағай* өз., қон., *Қарағайлы* қон., қарағай тұлғасына сын есімдік «лы» жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау. *Қарағайлыбұлақ* өз., *Қарағайлытас* тау (677,9 м), *Жалғызқарағай* қон., *Топқарағай* қон., *Бесқарағай* ойк., *Жүзқарағай* қон., сандық көрсеткішін анықтайды. *Басқарағай* қон., «бастапқы» мағынада айтылса, *Майқарағай* фитонимін жергілікті тұрғындар шайырлы (майлы), отқа жақсы жану ерекшелігімен байланыстырады. Кезінде жас қарағайларды қолдан егу жұмыстарын жүргізетін еді. Қазіргі уақыттағы антропогендік факторлар: қылқанды қарағайлы шоқтардың кесіліп өртеніп құртылуына әкеліп соқтыруда. Еспе суларының деңгейі төмен түсіп, топырақ жамылғысы эрозияға ұшырайтыны сөзсіз.

Қазақ халқында емдік қасиеті бар қызыл кітапқа енген төселмелі бұта түрінде өсетін қызыл арша ареалы (қазақ аршасы) Алтай, Қалба, Баянауланың орманға бөленген көгілдір биік тау қияларында сақталған. *Аршалы* тау, аршаның жайылып өсетіндігінен хабар береді. Солтүстік және Орталық Қазақстанда жиі кездесетін арша, қарағай, қайың, қарағаш, тал т.б. топонимдік компоненттер қылқанды және аралас орманның кең таралып, орманда өмір сүретін реликті сүтқоректілердің көп түрлілігін дәлелдейді. *Сарымсақтау* (349,5 м) атауы дала пиязына байланысты

қойылғаны анық. Қазақстанның шығыс өңірінде де *Аршаты* (22 рет), *Аршалы* е.м. (4 рет) кездесіп отыр. Алтайда *Сарымсақты* (тау – 3373 м), Тарбағатайда жота (1146 м), славян тілінен енген *Чесноковка* тау (1837 м), *Черемшанка* өз., е.м., (Кат. қар., Глуб.) атауларын сарымсағы мол, қалың өскен жерлер деп білеміз.

Көбінесе қарағай аралас ормандарда қайың, көктерек, тауларда самырсын ағаштармен қатарласа өседі. Мұндай ормандар *Қалба* жотасына тән келеді. Өйткені гранитті массивті кеңістікті қарағай ормандары алып жатыр. Қалба жотасында *Сібе*, *Шыбынды*, *Қайыңды*, *Аюлы*, *Ертіс* маңы ормандары бар. *Қайыңды қарағай орманы* (реликт) үштік кезеңнің табиғи ескерткіші және өткен дәуірден мол геоэкологиялық ақпарат беретін *Синегор самырсын бауын* ерекше атауға болады. *Қайыңды қарағайлы орманы* көлемі 18200 га, оның ішінде 11880 гектарын қарағай алқабы алып жатыр. Қарағайлар даланың шоқ-шоқ ормандар санатына жатады. Синегор (Көктау) тауының аумағы 137 га, оның 97 гектары орман жамылғысы, яғни самырсын ағаштарымен ерекшеленеді. Ботаник В.А. Снегирев өзінің зерттеулерінде Қалбаның сирек, реликті және жойылып бара жатқан өсімдіктерін атап көрсеткен [6], Қалба жотасының өсімдік ресурстарын зерттеген А.Б. Мырзағалиева осы аумақта 188 пайдалы өсімдіктер өсетінін белгілеп, оларды топтастырып, олардың таралу заңдылықтарын анықтаған. Оларды талдау нәтижесінде дәрілік өсімдіктердің 16 түрін және олардың толық сипаттамалары берілген [13].

Қалба атауы В. Даль сөздігі бойынша Қалба – «*аицы жуаның*» аты, бірақ түбір тілі жайлы түсінік берілмеген. Осы түсінікті қолдайтын (Қалба тауының атын талқылауда) өзге де зерттеушілер бар: «Қалба (түр) – жабайы жуаның аты», О. Нақыбеков: диал. «ұрыс, жанжал» (жігіттің жаманы қалбада жүреді), монғол тіліндегі холбого («дәнекер») тұлғасы зерттеушілердің назарын аударады. Холбоо: «ұштасу, дәнекер болу» деген сияқты ұғымдарды беретін атау тұлғалы сөз [10]. Сондағы мағынасы: «Алтай мен Тарбағатайды ұштастыратын жалғаған тау» мәнінде болуы да мүмкін.

Өсімдік жамылғысына байланысты топонимдер өсімдік түрлерінің бұрынғы, қазіргі атаулары туралы және тарихи ландшафттардың келбетін қалпына келтіруге көмектеседі. Өсімдік жамылғысының зоналық таралу ерекшелектері оны пайдаланудың маусымдық жүйесін қалыптастырады. Топонимиялық зерттеулердің ландшафт өзгерістеріне қатысы да көбіне фитонимдердің таралу ареалымен байланысты мәселелерде көрініс табады. Бұл белсенді компонент ретіндегі өсімдік жамылғысының палеоклиматтық,

палеогеографиялық зерттеулерде арнайы бағдар беруші нысан бола алатындығымен түсіндіріледі. Өсімдік жамылғысы топонимдерде бейнелеуін, табиғи жағдайлармен байланысын, таралу аймақтарын зерттеудің алғашқы тәжірибесі К.Д. Каймулдинова, Қ.Т. Сапаров, А.С. Омарбекова, Ә.Е. Аяпбековалардың еңбектерінде жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта антропогендік әрекеттерден (өнеркәсіп, Семей полигоны т.б.) аумақтың өсімдік жамылғысы көп өзгеріске түскен. Жайылымдардың дұрыс пайдаланылмауы, тоғай, орман ағаштарын отау, өртеу және егістіктер көлемін ұлғайту және т.б. факторлар аумақтың табиғи ландшафтысын біршама өзгертті. Дегенмен, бұрынғы өсімдік жамылғысы жөнінде сол өлкедегі географиялық атаулар нақты геоэкологиялық ақпарат бере отырып, оларды қалпына келтіруге (реконструкция) мүмкіндік туғызады. Ормандар (қарағай, шырша, балқарағай, самырсын), Ертіс бойындағы тоғайлармен ормандардың ареалы, бұрын әлдеқайда көп болғанын палеогеографиялық, палеоботаникалық зерттеулер дәлелдеп отыр. Топонимикалық мәліметтерді ландшафтанудың жаңа бағыты, «ландшафтық индикацияда» пайдалану мүмкіндігі ерекше қызығушылық тудырады. Топонимдерде сақталып қалған өсімдік атауларын ландшафт өзгерістерінің басты индикаторларының бірі ретінде бағалауға болады.

Жергілікті құмды, шөл жерлерде (Жайсаң, Алакөл қазаншұңқырлары) судың аз екенін сексеуіл өсімдігі негізінде анықтауға болады. Белгілі ғалым И. Г. Борщакөв еңбегінде «сексеуіл – құмды шөлдін қорғаны», ол құмды бекітіп ұстап тұрады. Өскіндері түйеге, қойға бір жағынан азық, екіншіден-сусын. Сексеуіл су «аулауға да» бейімделген. Көктемде тұқымнан шыққан тамыр тез өсіп суды қуалағандай тереңге тез ұзарып 30 метрге дейін өсіп, тіршілігін сақтайды. Жергілікті халық сексеуілді мақтанышпен «жасыл көмір» деп атап, сексеуіл ағашынан сапалы көмір дайындалады деп келтіреді [11].

Зерттеу нәтижесінде аумақтың табиғат жағдайлары, ландшафт ерекшеліктерін айқындайтын өсімдіктер әлемі топонимдерде бейнеленіп, фитотопонимдерді топтастырудың алғашқы қадамы жасалынды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Атлас Казахской ССР – М.: ГУГК, Т.1. 1982. – 82 с.
2. Әлімхан А.Ә. Жер-су аттарының ұлттық-мәдени негіздері: оқу құралы. – Өскемен, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2003. – 90 б.
3. Бейсенова Ә.С., Самакова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б.

- Экология және табиғатты пайдалану. Оқулық. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2004. – 328 б.
4. Бияров Б.Н. Өр Алтай (Оңтүстік Алтай) оронимдері (тарихи-лингвистикалық талдау): филол. ғыл. канд. дисс. автореф. Алматы, 2000. – 28 б.
 5. Государственный каталог географических названий Республики Казахстан. Том 5. Ч. 1, 2. Восточно-Казахстанская область. – Алматы. – 2004.
 6. Егорина А.В., Зинченко Ю.К., Зинченко Е.С. Физическая география Восточного Казахстана. Ч. 1. Восточный регион. / Учебное пособие. – Усть-Каменогорск: ВГИ, 2000. – 124 с.
 7. Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. – Алматы: Қазақстан, 1931. – 128 б.
 8. Казахстан. Общая физико-географическая характеристика. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – 492 с.
 9. Калиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 159 б.
 10. Керейбаев К. Қазыналы Қалба. – Алматы, 2003. – 464 б.
 11. Керімбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы: Санат, 1995. – 248 с.
 12. Красная книга Казахской ССР. – Алма-Ата, 1978. – Ч. 1 и 2, 1981.
 13. Мырзағалиева А.Б. Растительные ресурсы Калбинского хребта: Автореф. дисс. ... канд. биол. наук. – Алматы, 2003. – 29 с.
 14. Сапаров Қ.Т. Қазақ топонимдерінің геоэкологиялық негіздері. I бөлім. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – 307 б.
 15. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 280 б.
 16. Чупахин В.М. Природное районирование Казахстана для целей сельского хозяйства. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 260 с.

Поступила 29.03.2013

Доктор геогр. наук К.Т. Сапаров

РОЛЬ ФИТОТОПОНИМОВ В ОПРЕДЕЛЕНИИ ЛАНДШАФТНОГО ИЗМЕНЕНИЯ (НА ПРИМЕРЕ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ)

В статье на материалах Восточно-Казахстанской области рассмотрены казахские топонимы, характеризующие типы ландшафтов и их роль как «ландшафтного индикатора». А также рассмотрены взаимосвязи фитонимов с топонимами.